

**Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ  
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ  
ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ИНСТИТУТЫ**

**ЖОБА**

**«ҚҰҚЫҚ НЕГІЗДЕРІ ПӘНІ МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ДАРЫНДЫ  
ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДА КӘСІБИ  
ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ»  
тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Ақтау 2026 ж.**

**Бағдарлама авторы:**

Ауешова Бағдат Тлектесовна – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Құқықтану» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент)

**Бағдарлама:**

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарын;

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің талаптарын ескере отырып әзірленген.

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	4
3. Бағдарлама тақырыбы.....	5
4. Бағдарламаның мақсаты, міндеті және күтілетін нәтижелері.....	7
5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны.....	8
6. Оқу процесін ұйымдастыру.....	12
7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.....	12
8. Оқыту нәтижелерін бағалау.....	25
9. Курстан кейінгі қолдау.....	26
10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі.....	29

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Білім беру бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) өзектілігі.

Бағдарламаны әзірлеудің өзектілігі қазіргі білім беру жүйесінде дарынды және талантты оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту жұмыстарының маңыздылығының артуымен байланысты. Қазақстан Республикасында білім беруді жаңғырту жағдайында оқушылардың зияткерлік, шығармашылық және көшбасшылық әлеуетін дамыту білім беру ұйымдарының басым міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл құқық негіздері пәні мұғалімдерінің дарынды білім алушылармен жұмыс жүргізу бойынша кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру қажеттілігін айқындайды.

Дарынды оқушылармен нәтижелі жұмыс жүргізу мұғалімнің пәндік білімінің тереңдігімен қатар, олардың қабілеттерін анықтау, жеке білім беру траекториясын құру, зерттеушілік және жобалық қызметті ұйымдастыру, құқықтық олимпиадалар мен ғылыми жарыстарға дайындау саласындағы әдістемелік даярлығына тікелей байланысты.

Білім берудің заманауи сапасына қол жеткізу оқушылардың құқықтық мәдениетін, сыни ойлауын, азаматтық жауапкершілігін және құқықтық сауаттылығын дамытуға бағытталған инновациялық педагогикалық технологияларды тиімді қолданатын жоғары кәсіби құзыретті мұғалімдер жағдайында ғана мүмкін болады.

Бағдарламада құқық негіздері пәнін оқытудың заманауи нормативтік-құқықтық базасымен, дарынды оқушыларды қолдау жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарымен, сондай-ақ олармен жұмысты ұйымдастырудың тиімді педагогикалық технологиялары мен әдістемелерімен танысу көзделген.

Осыған орай, бұл бағдарлама құқық негіздері пәні мұғалімдерінің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудегі кәсіби, пәндік және әдістемелік құзыреттіліктерінің сапасын арттыруға бағытталған.

## 2. ГЛОССАРИЙ

Дарынды оқушы	интеллектуалдық, шығармашылық, академиялық немесе көшбасшылық қабілеттері жоғары деңгейде дамыған, белгілі бір салада ерекше жетістіктер көрсетуге бейім білім алушы.
Кәсіби құзыреттілік	педагогтің кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруына мүмкіндік беретін білім, білік, дағды және тұлғалық қасиеттер жиынтығы
Құқықтық сауаттылық	жеке тұлғаның құқықтық нормаларды білуі, түсінуі және оларды күнделікті өмірде қолдана алу қабілеті
Құқықтық мәдениет	құқыққа құрметпен қарауды, заң талаптарын сақтауды және құқықтық құндылықтарды ұстануды сипаттайтын тұлғалық қасиет

Жеке білім беру траекториясы	білім алушының қабілеті мен қажеттіліктеріне сәйкес құрылатын оқытудың жеке бағыты мен жоспары
Сыни ойлау	ақпаратты талдау, салыстыру, бағалау және негізделген шешім қабылдау қабілеті
Зерттеушілік қызмет	жаңа білім алу мақсатында ғылыми ізденіс, талдау және қорытынды жасауға бағытталған танымдық әрекет
Жобалық оқыту	нақты мәселені шешуге немесе өнім әзірлеуге бағытталған білім алушылардың өздік іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі
Функционалдық сауаттылық	алған білімін өмірлік жағдайларда тиімді пайдалана алу қабілеті
Олимпиадалық дайындық	білім алушыларды пәндік олимпиадаларға, конкурстарға және ғылыми жарыстарға жүйелі түрде даярлау үдерісі
Инновациялық педагогикалық технологиялар	оқыту сапасын арттыруға бағытталған заманауи әдістер, құралдар мен тәсілдер жүйесі
Инклюзивті білім беру	барлық білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылардың сапалы білім алуына тең мүмкіндік беретін білім беру жүйесі
Кейс	әдіс – нақты өмірлік немесе құқықтық жағдайларды талдау арқылы шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыратын оқыту әдісі
Құқықтық кейс	құқықтық нормаларды қолдануды талап ететін нақты немесе модельденген жағдаят
Академиялық адалдық	білім беру және ғылыми қызмет барысында адалдық, әділдік, жауапкершілік және авторлық құқық қағидаттарын сақтау принципі

### 3. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТАҚЫРЫБЫ

ҚР білім беру жүйесінде құқық негіздері пәні мұғалімдерінің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу саласындағы пәндік, әдістемелік және зерттеушілік құзыреттіліктерін кешенді дамытуға бағытталған бірегей бағдарлама болып табылады. Бағдарлама мұғалімдердің дарынды білім алушыларды анықтау, қолдау және дамыту бойынша заманауи педагогикалық технологияларды меңгеруіне, оқушылардың құқықтық сауаттылығын, сыни ойлауын, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді қолдануына мүмкіндік береді.

Бағдарлама аясында құқық негіздері пәнін оқытудағы инновациялық әдістер, құқықтық кейстерді пайдалану, жобалық және зерттеушілік оқыту технологиялары, олимпиадалық және ғылыми-зерттеу жұмыстарына даярлау

ерекшеліктері қарастырылады. Сонымен қатар, білім алушылардың функционалдық құқықтық сауаттылығын қалыптастыруға, олардың құқықтық білімдерін нақты өмірлік жағдайларда қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған танымдық тапсырмалар мен практикалық құралдарды пайдалану мәселелеріне ерекше назар аударылады.

Бағдарламаны меңгеру нәтижесінде мұғалімдер дарынды оқушылармен жұмыс істеудің заманауи әдістемесін игеріп, олардың зияткерлік әлеуетін ашуға, құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және республикалық, халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобаларға сапалы дайындауға қажетті кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіреді.

## 2-кесте

<b>Компоненттер, бағдарлама модульдері</b>	<b>Бағдарлама модульдерінің компоненттерін, тақырыптарын сипаттау</b>
Модуль 1. Дарынды балаларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясат және нормативтік-құқықтық негіздер	1.1-тақырып. Дарынды балаларды қолдаудың нормативтік-құқықтық негіздері және білім беру жүйесіндегі ұйымдастыру тетіктері.
	1.2 тақырып. Құқықтық білім беруді жаңғырту жағдайында дарынды оқушылармен жұмысты құқықтық қамтамасыз ету
Модуль 2. Құқық негіздері пәні бойынша дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін дамыту әдістемесі	2.1 тақырып. Дарынды оқушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздері
	2.2 Құқықтық ойлау мәдениетін дамыту.
	2.3 Кейс-әдіс және құқықтық жағдаяттарды талдау.
Модуль 3. Дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастыру әдістемесі	3.1. тақырып. Нормативтік құқықтық актілерді талдаудың теориялық негіздері және құқықтық ақпаратпен жұмыс жасау әдістері.
	3.2. тақырып. Дарынды оқушылардың құқықтық сараптау және құқықтық ойлау дағдыларын дамыту технологиялары.
	3.3. тақырып. Нормативтік құқықтық актілерді саралау негізінде зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру.

Модуль 4. Құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зерттеу жұмыстарына дарынды оқушыларды даярлау әдістемесі	4.1. тақырып. Олимпиадалық тапсырмалармен жұмыс.
	4.2. тақырып. Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және ғылыми жобаларды байқаулар мен конференцияларға дайындау әдістемесі
Қорытынды тестілеу	Модульдерді оқыту нәтижелерін бағалау

#### 4. БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРІ

**Бағдарламаның мақсаты** – құқық негіздері пәні мұғалімдерінің дарынды оқушылармен жұмысын ұйымдастыру саласындағы кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру, оларды анықтау, қолдау және дамыту бойынша заманауи педагогикалық технологиялар мен тиімді әдістемелерді меңгерту.

##### **Бағдарламаның міндеттері:**

Дарынды оқушыларды қолдау саласындағы қолданыстағы нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі ережелерін және қазіргі заманғы білім беру мен тәрбиелеудің теориялық негіздерін қарастыру;

Құқық негіздері пәнін оқытуда дарынды оқушылардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған инновациялық білім беру технологияларын, жобалық және зерттеушілік оқытуды, кейс-технологияларды, дебат және пікірсайыс әдістерін меңгерту;

Дарынды оқушыларды пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, конкурстар мен конференцияларға даярлау барысында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, әдістерді, құралдар мен оқыту нысандарын қолдану бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру;

Мұғалімдердің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу саласындағы кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін талдауға және олардың одан әрі кәсіби өсу бағыттарын айқындауға жағдай жасау.

##### **Күтілетін нәтижелер**

Курс аяқталғаннан кейін тыңдаушылар:

Дарынды оқушыларды қолдау саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттардың негізгі ережелерін және қазіргі оқыту мен тәрбиелеудің теориялық негіздерін білуі мен түсінуін көрсетеді;

Құқық негіздері пәнін оқыту барысында жобалық және зерттеушілік оқытуды, кейс-технологияларды, дебат және басқа да инновациялық

педагогикалық технологияларды қолдану арқылы дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту тәсілдерін меңгереді;

Дарынды оқушыларды оқыту, дамыту және ғылыми-зерттеу қызметіне тарту мақсатында заманауи ақпараттық технологияларды, оқытудың тиімді әдістері мен формаларын қолданудың практикалық дағдыларын көрсетеді;

Өздерінің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізу саласындағы кәсіби құзыреттерінің даму деңгейін талдайды және одан әрі кәсіби өсу бағыттарын анықтайды.

## 5. БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Бағдарлама құрылымдық жағынан сәйкес келеді, өйткені оның негізгі құрамдас бөліктері арасындағы тығыз байланысты көрсетеді, атап айтқанда: күтілетін нәтижелер мақсаттармен, міндеттермен, мазмұнмен, оқыту және бағалау процестерімен байланысты.

№	Сабақ тақырыптары	Лекция	Практикалық сабақ	Тест	Барлығы
1	<b>Модуль 1. Дарынды балаларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясат және нормативтік-құқықтық негіздер</b>	2	4	2	8
1.1	Дарынды балаларды қолдаудың нормативтік-құқықтық негіздері және білім беру жүйесіндегі ұйымдастыру тетіктері	1	2	1	4
1.2	Құқықтық білім беруді жаңғырту жағдайында дарынды оқушылармен жұмысты құқықтық қамтамасыз ету	1	2	1	4
2	<b>Модуль 2. Құқық негіздері пәні бойынша дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін дамыту әдістемесі</b>	3	18	3	24
2.1	Дарынды оқушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздері	1	6	1	8

2.2	Құқықтық ойлау мәдениетін дамыту	1	6	1	8
2.3	Кейс-әдіс және құқықтық жағдаяттарды талдау	1	6	1	8
3	<b>Модуль 3. Дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастыру әдістемесі</b>	3	15	3	21
3.1	Нормативтік құқықтық актілерді талдаудың теориялық негіздері және құқықтық ақпаратпен жұмыс жасау әдістері	1	5	1	6
3.2	Дарынды оқушылардың құқықтық сараптау және құқықтық ойлау дағдыларын дамыту технологиялары	1	5	1	6
3.3	Нормативтік құқықтық актілерді саралау негізінде зерттеу және жобалау қызметін ұйымдастыру	1	5	1	6
4	<b>Модуль 4. Құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зерттеу жұмыстарына дарынды оқушыларды даярлау әдістемесі</b>	4	19	4	27
4.1	Олимпиадалық тапсырмалармен жұмыс.	2	10	2	14
4.2	Оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және ғылыми жобаларды байқаулар мен конференцияларға дайындау әдістемесі	2	9	2	13
	<b>БАРЛЫҒЫ:</b>	12	56	12	80

## **1 модуль «Дарынды балаларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясат және нормативтік-құқықтық негіздер»**

Бұл модуль тыңдаушыларды дарынды балаларды қолдау және дамыту саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарымен, білім беру жүйесіндегі дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыруды реттейтін нормативтік-құқықтық актілермен, сондай-ақ педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптармен таныстырады. Модуль аясында дарынды оқушыларды анықтау, қолдау және дамыту мәселелеріне қатысты ұлттық заңнама, мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттар қарастырылады. Сонымен қатар педагогтердің құқықтық құзыреттілігін жетілдіру, білім алушылардың құқықтарын қорғау және инклюзивті әрі қолайлы білім беру ортасын қалыптастыру мәселелеріне ерекше назар аударылады. Модуль мазмұны педагогтердің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудегі нормативтік-құқықтық сауаттылығын арттыруға және кәсіби қызметін заң талаптарына сәйкес тиімді ұйымдастыруына бағытталған.

## **Модуль 2. «Құқық негіздері пәні бойынша дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін дамыту әдістемесі»**

Бұл модуль курстың негізгі мазмұнын құрайтын құқықтық білім берудің теориялық және әдіснамалық негіздерін, дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық ерекшеліктерін және олардың практикалық маңыздылығын қарастырады. Модуль аясында құқықтық ойлау мәдениетін, құқықтық сауаттылықты, құқықтық талдау және құқықтық шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған заманауи әдістемелер ұсынылады.

Модульде оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі әдістерін, тәсілдерін, құралдары мен формаларын кешенді қолдану арқылы дарынды оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру және құқықтық құзыреттіліктерін дамыту жолдары қарастырылады. Атап айтқанда, құқықтық кейстерді талдау, жағдаяттық тапсырмалар, дидактикалық және рөлдік ойындар, пікірталас пен дебат технологиялары, мәтіндік және сараланған тапсырмалар, шығармашылық жобалар мен модельдеу әдістері кеңінен қолданылады.

## **Модуль 3. «Дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастыру әдістемесі»**

Бұл модуль дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау, құқықтық ақпаратты іздеу, өңдеу және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған заманауи әдістемелерді меңгеруді көздейді. Модуль аясында құқықтық білім беру процесінде цифрлық технологияларды, электрондық құқықтық дерекқорларды және онлайн білім беру ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері қарастырылады.

Педагогтің кәсіби қызметінің маңызды аспектілерінің бірі – құқықтық ақпаратпен жұмыс істеуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды

қолдану болып табылады. Осыған байланысты тыңдаушылар нормативтік құқықтық актілердің электрондық базаларымен жұмыс істеу, құқықтық құжаттарды цифрлық форматта талдау, онлайн платформалар мен цифрлық білім беру ресурстары арқылы құқықтық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бойынша практикалық дағдыларды меңгереді. Мұндай технологияларды пайдалану дарынды оқушылардың құқықтық талдау қабілеттерін дамытуға, зерттеушілік белсенділігін арттыруға және құқықтық ақпаратпен жұмыс сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

#### **Модуль 4. «Құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зерттеу жұмыстарына дарынды оқушыларды даярлау әдістемесі»**

Бұл модуль дарынды оқушыларды құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, зерттеу конкурстарына және құқықтық бағыттағы зияткерлік іс-шараларға даярлаудың теориялық және практикалық негіздерін қамтиды. Модуль аясында педагогтердің зерттеушілік мәдениетін дамыту, құқықтық зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және дарынды оқушылардың ғылыми әлеуетін ашуға бағытталған заманауи әдістер мен технологиялар қарастырылады.

Қазіргі жағдайда құқық негіздері пәні мұғалімінің кәсіби қызметі құқықтық білімді меңгертумен ғана шектелмейді. Ол дарынды оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, құқықтық мәселелерді талдау дағдыларын қалыптастыруға және ғылыми ізденіс жұмыстарын ұйымдастыруға бағытталған шығармашылық әрі инновациялық қызметті жүзеге асыруды талап етеді. Осыған байланысты модульде ғылыми жобаларды әзірлеу, құқықтық зерттеулер жүргізу, олимпиадалық тапсырмаларды шешу және құқықтық аргументацияны дамыту әдістемелері ұсынылады.

Модульде педагогтің кәсіби рефлексиясы мен зерттеушілік қызметіне ерекше назар аударылады. Тыңдаушылар өз тәжірибесін талдау, оқыту нәтижелерін бағалау, құқықтық білім берудегі тиімді әдістерді анықтау және кәсіби қызметін жетілдіру жолдарын меңгереді. Сонымен қатар құқықтық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындық барысында үздік педагогикалық тәжірибелерді зерделеу және оларды практикада қолдану мәселелері қарастырылады.

Сондай-ақ модульде құқықтық олимпиадалар мен ғылыми жобаларға дайындық барысында білім алушылардың жетістіктерін бағалау, оқу нәтижелерін мониторингтеу және кері байланыс беру мәселелері қамтылады. Қалыптастырушы бағалау әдістерін қолдану арқылы дарынды оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, құқықтық білімін жетілдіру және зерттеушілік құзыреттіліктерін дамыту жолдары қарастырылады. Модуль мазмұны құқық негіздері пәні мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін арттыруға және дарынды оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тиімді даярлауға бағытталған.

## 6. ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Біліктілікті арттыру курстары курстың жоспарларына сәйкес күндізгі оқыту режимінде ұйымдастырылады, ұзақтығы 80 академиялық сағат. Курстан кейінгі қолдау - 28 сағат қашықтықтан режимінде.

Оқу процесін ұйымдастыру педагогтің біліктілігін арттырудың белсенділік сипатын қамтамасыз ететін оқытудың интерактивті әдістерін қамтиды: семинарлар, вебинарлар, практикалық сабақтар (оқытудың әртүрлі тәжірибеге бағытталған әдістерімен интерактивті), практикалық жұмыс (ТОӨЖ, ТӨЖ), көшпелі практикалық сабақтар, кейстерді шешу (НҚА), демо-сабақты таныстыру, жобаны қорғау және т. б.;

Ересек аудиторияның жас ерекшеліктерін ескере отырып, тыңдаушыларға оқу барысында логикалық қорытынды жасауға, мазмұнын өз тәжірибесіне бейімдеуге және алған дағдыларын аудиториялық практикалық сабақтарда және сабақтан тыс өзіндік жұмыстарда сынауға мүмкіндік беріледі.

Күндізгі және онлайн режимдерде оқу процесін ұйымдастыру кезінде тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында диагностикалық және қорытынды тестілеу, демо-сабақтың презентациясы, ТОӨЖ жүргізіледі.

## 7. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

**1 модуль «Дарынды балаларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясат және нормативтік-құқықтық негіздер»**

**Модульдің міндеті:**

Дарынды балаларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын айқындау;

Дарынды оқушылармен жұмысты реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу;

Педагогтердің кәсіби қызметіне қойылатын заманауи талаптарды талдау және түсіну;

Дарынды оқушылардың құқықтарын қорғау мен қолдау бойынша құқықтық білімдерін кеңейту;

Педагогтердің нормативтік-құқықтық құзыреттілігін жетілдіру және құқықтық құжаттарды тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

**Күтілетін нәтиже:**

**Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:**

Дарынды балаларды қолдау саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарын айқындайды;

Дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыруға қатысты нормативтік-құқықтық актілерді зерделейді және талдайды;

Педагог қызметін реттейтін заңнамалық құжаттарды кәсіби қызметінде тиімді қолданады;

Дарынды оқушылардың құқықтарын қамтамасыз етуге бағытталған құқықтық білімдері мен дағдыларын жетілдіреді;

Нормативтік-құқықтық негіздерге сүйене отырып, дарынды оқушылармен жұмысты ұйымдастыру және жоспарлау құзыреттіліктерін дамытады.

## **Модуль 2. «Құқық негіздері пәні бойынша дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін дамыту әдістемесі»**

### **Модульдің міндеті:**

Дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін өзектендіру;

Құқық негіздері пәнін оқыту барысында қолданылатын заманауи педагогикалық технологияларды қарастыру;

Дарынды оқушылардың құқықтық ойлау, құқықтық талдау және құқықтық аргументация дағдыларын дамытудың тиімді әдістерін бөліп көрсету;

Құқықтық жағдаяттарды шешу, нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығын дәлелдеу;

Құқық негіздері пәні мұғалімдерінің дарынды оқушылармен жұмыс жүргізудегі әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру.

### **Күтілетін нәтиже:**

#### **Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:**

Дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін меңгереді;

Құқық негіздері пәнін оқыту барысында дарынды оқушылардың құқықтық ойлауын, құқықтық мәдениетін және құқықтық сауаттылығын дамыту әдістерін қолданады;

Құқықтық кейстерді, жағдаяттық тапсырмаларды, дебаттарды және зерттеушілік оқыту технологияларын пайдалану арқылы дарынды оқушылардың құқықтық талдау дағдыларын дамытады;

Нормативтік құқықтық актілерді талдау, құқықтық мәселелерді анықтау және құқықтық қорытынды жасауға бағытталған тапсырмаларды әзірлейді;

Дарынды оқушылардың құқықтық құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған тиімді оқыту әдістері мен технологияларын кәсіби қызметінде қолданады.

## **Модуль 3. «Дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастыру әдістемесі»**

### **Модульдің міндеті:**

Дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастырудың теориялық және әдістемелік негіздерін өзектендіру;

Құқықтық ақпарат көздерімен жұмыс істеу және нормативтік құқықтық актілерді талдау әдістерін қарастыру;

Дарынды оқушылардың құқықтық ойлау, құқықтық пайымдау және құқықтық аргументация дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді технологияларды бөліп көрсету;

Нормативтік құқықтық актілерді талдау мен құқықтық сараптаудың құқықтық құзыреттілікті дамытудағы маңызын дәлелдеу;

Педагогтердің құқықтық талдау мен сараптау қызметін ұйымдастырудағы кәсіби-әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру.

**Күтілетін нәтиже:**

**Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:**

Дарынды оқушылардың нормативтік құқықтық актілерді талдау және құқықтық сараптау дағдыларын қалыптастырудың теориялық негіздерін меңгереді;

Құқықтық ақпарат көздерімен жұмыс істеу және нормативтік құқықтық актілерді талдау әдістерін зерделейді және тәжірибеде қолданады;

Дарынды оқушылардың құқықтық ойлауын, құқықтық пайымдауын және құқықтық аргументациясын дамытуға бағытталған тиімді педагогикалық технологияларды қолданады;

Нормативтік құқықтық актілерді талдау, құқықтық мәселелерді анықтау және құқықтық қорытынды жасау дағдыларын қалыптастырудың маңыздылығын негіздейді;

Құқықтық кейстерді, сараптамалық тапсырмаларды және зерттеу жұмыстарын әзірлеу мен ұйымдастыру дағдыларын меңгереді;

Дарынды оқушылардың құқықтық талдау және құқықтық сараптау құзыреттіліктерін дамыту бойынша кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін жетілдіреді.

**Модуль 4. «Құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зерттеу жұмыстарына дарынды оқушыларды даярлау әдістемесі»**

**Модульдің міндеті:**

Дарынды оқушыларды құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зерттеу жұмыстарына даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздерін өзектендіру;

Құқықтық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың заманауи тәсілдері мен технологияларын қарастыру;

Дарынды оқушылардың зерттеушілік, аналитикалық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған тиімді әдістерді бөліп көрсету;

Ғылыми жобалау қызметі мен олимпиадалық дайындықтың құқықтық құзыреттіліктерді дамытудағы маңыздылығын дәлелдеу;

Педагогтердің дарынды оқушылардың ғылыми-зерттеу және зияткерлік әлеуетін дамытуға бағытталған кәсіби-әдістемелік құзыреттілігін жетілдіру.

### **Күтілетін нәтиже:**

#### **Модульді аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:**

Дарынды оқушыларды құқықтық олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және зерттеу жұмыстарына даярлаудың теориялық және әдістемелік негіздерін меңгереді;

Құқықтық зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың тиімді тәсілдерін зерделейді және білім беру тәжірибесінде қолданады;

Ғылыми жоба тақырыбын таңдау, зерттеу мәселесін айқындау, ғылыми аппаратты құру және зерттеу нәтижелерін рәсімдеу дағдыларын қолданады;

Дарынды оқушылардың зерттеушілік, құқықтық талдау, құқықтық аргументация және сыни ойлау дағдыларын дамытуға бағытталған технологияларды пайдаланады;

Құқықтық олимпиадалар мен ғылыми конкурстарға дайындық барысында қалыптастырушы бағалау, кері байланыс және рефлексия әдістерін тиімді қолданады;

Дарынды оқушылардың ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру және олардың зияткерлік әлеуетін дамыту бойынша кәсіби және әдістемелік құзыреттілігін жетілдіреді.

#### **Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің ішінде:**

Оқу-әдістемелік кешенде (ОӘК) қарастырылған тақырыптар бойынша сабақтардың қысқаша жоспарлары мен толық сценарийлері, практикалық және семинарлық сабақтарды ұйымдастыруға арналған әдістемелік ұсынымдар ұсынылады. Сабақ сценарийлерінде шағын дәрістердің негізгі тезистері, дарынды оқушылармен жұмыстың заманауи технологиялары, тыңдаушылардың оқу-танымдық қызметін ұйымдастырудың белсенді әдістері, тәжірибелік тапсырмалар, кейстер, құқықтық жағдаяттарды талдау үлгілері, формативті бағалау тапсырмалары, олардың критерийлері мен дескрипторлары, сондай-ақ оқу мәтіндері мен қосымша материалдар қамтылады.

Бағдарлама мазмұнын толықтыратын құрылымдық материалдардың жинағы ретінде тыңдаушы портфолиосы әзірленеді. Портфолиода дарынды оқушылармен жұмыс жүргізуге қатысты нормативтік құқықтық актілерге, білім беру саласындағы стратегиялық құжаттарға, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, электрондық ресурстарға, құқықтық білім беруді ұйымдастырудың озық тәжірибелеріне, олимпиадалық және зерттеу жұмыстарына арналған материалдарға, құқықтық кейстер мен практикалық тапсырмалар қорына сілтемелер беріледі.

Әрбір оқу сабағына арналған Power Point форматындағы презентациялар дайындалады. Презентациялар курстың мазмұнын көрнекі түрде ұсынуға, құқықтық білім берудің заманауи тәсілдерін, дарынды оқушылармен жұмыстың инновациялық технологияларын, тәжірибелік тапсырмалар мен зерттеу жұмыстарының үлгілерін көрсетуге бағытталады.

Бағдарламаның материалдары құқықтық сауаттылықты дамытуға,

құқықтық ойлау мәдениетін қалыптастыруға, дарынды оқушыларды олимпиадаларға, ғылыми жобалар конкурстарына және зерттеу қызметіне даярлауға бағытталған заманауи ғылыми-педагогикалық және әдістемелік нұсқаулық.

Материалдың атауы	Сипаттама	Пішім немесе сілтеме
<b>Модуль 1.</b>		
<b>Тақырып 1.1 Дарынды балаларды қолдаудың нормативтік-құқықтық негіздері және білім беру жүйесіндегі ұйымдастыру тетіктері</b>		
Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.	Білім беру жүйесінің құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін айқындайды.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319</a>
Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы N 345 Заңы.	Балалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық негіздерін белгілейді.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345</a>
Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.	Педагогтердің құқықтық мәртебесін, құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін реттейді.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293</a>
<b>1.2 тақырып. Құқықтық білім беруді жаңғырту жағдайында дарынды оқушылармен жұмысты құқықтық қамтамасыз ету</b>		
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан	Білім беру деңгейлері бойынша міндетті талаптарды белгілейді.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031</a>

Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді.		
Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарын (ғылыми жарыстарды), орындаушылар конкурстарын, кәсіби шеберлік конкурстарын және спорттық жарыстарды іріктеу қағидалары мен өлшем шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 131 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 мамырда № 36187 болып тіркелді	Олимпиадалар мен ғылыми жобаларды ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036187">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036187</a>
Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы.	Дарынды балаларды анықтау мен қолдаудың стратегиялық бағыттарын қамтиды.	<a href="https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249">https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249</a>
<b>Модуль 2</b>		
<b>2.1 тақырып. Дарынды оқушылардың құқықтық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық-әдіснамалық және практикалық негіздері</b>		
